SARQAN
Ауданның қоғамдық-саяси апталық газеті
Газет 1933 жылғы мамырдан шығады ● www.sarkan-gazeta.kz ● e-mail: Igiman01@mail.ru ● №30 (95135) 1 тамыз 2025 ж.



# Қасым-Жомарт Тоқаев пен Режеп Тайип Ердоған келіссөз жүргізді

**Түркия Республикасына ресми сапармен келген Қасым-Жомарт Тоқаевты Анкарадағы Президент сарайында салтанатты қарсы алу рәсімі өтті.**

Қазақстан Президентінің сапарына орай Құрмет қарауылы сап түзеді. Сарайға келген сәтінде Мемлекет басшысының кортежін салт атты гвардия бастап жүрді. Қасым-Жомарт Тоқаевты Режеп Тайип Ердоған қарсы алды.

Қазақстан мен Түркияның мемлекеттік әнұрандары шырқалып, зеңбіректен 21 рет оқ атылды. Екі елдің басшылары Құрмет қарауылының алдынан жүріп өтіп, бір-біріне ресми делегация мүшелерін таныстырды. Одан соң мемлекеттер басшылары келіссөз жүргізді.

Келіссөз аясында президенттер Қазақстан мен Түркия арасындағы стратегиялық серіктестікті одан әрі дамыту перспективасын жан-жақты талқылады.

Сондай-ақ сауда-экономикалық, инвестициялық және мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықты нығайтуға баса мән берілді.

Қасым-Жомарт Тоқаев қонақжайлық танытқаны үшін Түркия Президентіне алғыс айтты. Режеп Тайип Ердоған екі ел арасындағы қарым-қатынасты жаңа әрі сапалы деңгейге шығаруға дайын екенін растады.

# «Талдықорған - Үшарал» магистралды газ құбырының құрылысы мерзімінен бұрын аяқталады



**«Талдықорған - Үшарал» магистралды газ құбырының құрылысы биылғы жылдың қыркүйек айында толық аяқталады. Соның нәтижесінде Жетісу облысының Ақсу, Сарқан, Алакөл аудандарындағы 84 елді мекен табиғи газбен қамтылады. Бұл туралы облыс әкімі Бейбіт Исабаевтың Алакөл ауданындағы жұмыс сапары барысында белгілі болды, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.**

Еске салсақ, өткен жылы Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Жетісу облысына келген сапарында «Талдықорған - Үшарал» магистралды газ құбырының құрылысы басталған болатын. Ел Президенті тапсырмасының аясында жүзеге асырылып жатқан осы іргелі жобаның іске асырылу барысымен танысу мақсатында облыс әкімі «Үшарал» АГТС нысанында болды.

«Интергаз Центральная Азия» АҚ Алматы филиалы магистралды газ құбыры басқармасының директоры Руслан Сүйіндіковтің айтуынша, магистралды газ құбырының ұзындығы – 302,4 км, диаметрі 530 мм. Желінің бойында 6 автоматтандырылған газ тарату станциялары салынуда. Станциялардағы құрылыс жұмыстары 80 %-ға аяқталған.

- Бүгінгі күнге төрт станцияның технологиялық құрал-жабдықтары сынақтан өткізілді. Жақында тағы 2 станцияда сынақ жұмыстары жүргізіледі. Магистралды газ құбыры құрылысын аяқтау мерзімі 2026 жылдың соңы деп белгіленген болатын. Дегенмен жобаның әлеуметтік маңыздылығын ескеріп, оған күш жұмылдырудың арқасында мерзімінен 1 жыл 4 ай бұрын, яғни алдағы қыркүйек айында аяқтаймыз деп жоспарлап отырмыз. Аталған жобаны іске асыру нәтижесінде 84 елді мекен көгілдір отынмен қамтылып, 440 мыңдай тұрғын газға қосылуға мүмкіндік алады. Қазір аудан әкімдігімен бірге АГТС-тан елді мекендерге газ құбырын тарту жұмыстарының жобалық-сметалық құжаттары әзірленуде. Бұдан соң елді мекендерге көгілдір отын тарту жұмыстары кезең-кезеңімен атқарылады, - деді Руслан Сүйіндіков.

Өңір басшысы бұл жобаның аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуындағы ерекше рөлін атап өтіп:

- «Талдықорған - Үшарал» магистралды газ құбырының халықтың тұрмыс деңгейін көтерудегі маңызы зор. Газ жеткізілсе, бұл осы аймақтағы зауыттарға, жылыжайларға, шағын және орта бизнес нысандарының жұмысына жаңа серпін береді. Бұған қоса болашақта газ құбыры лупингін де қолға алу қажет, - деді Бейбіт Исабаев.

**Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.**

# Жетісу облысының Алакөл ауданында биыл 12 медицина нысаны іске қосылады

**Алакөл ауданының Достық ауылындағы 600 орындық «Келешек мектебі» жаңа оқу жылында қолданысқа беріледі. Сонымен қатар Үшарал қаласында оқушы орнының тапшылығы мәселесін шешу үшін 600 орындық мектеп құрылысының жобасы даярлануда. Бұл туралы облыс әкімі Бейбіт Исабаевтың Алакөл ауданы тұрғындарымен кездесуі барысында айтылды, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.**



Өңір басшысының айтуынша, ауданда денсаулық сақтау инфрақұрылымын жақсарту бағытында өткен жылы 4 нысан Қамысқала ауылында дәрігерлік амбулатория, Арқарлы, Қоңыр және Бибақан ауылдарында 3 блоктымодульді медициналық пункт қолданысқа берілген. Биыл 12 денсаулық сақтау нысанын іске қосу жоспарланған, оның 9-ы «Ауылдағы денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында салынуда.

- Медицина нысандарының материалдық-техникалық базасын нығайтуға да көп көңіл бөлініп келеді. Осы жылы ауданға 3 санитарлық автокөлік сатып алынып, Бұлақты, Терекі ауылдары мен Үшарал қаласына берілді. Сондай-ақ аудандық орталық ауруханаға сандық маммограф, С-тәрізді доғасы бар электронды-оптикалық түрлендіргіш, рентгендік цифрлық тұрақты аппарат сияқты заманауи медициналық құрал-жабдықтар сатып алуға қаржы бөлінді. Бүгінгі күнге конкурстар аяқталды, жабдықтар қазан айына дейін жеткізіліп, орнатылады, - деді Б. Исабаев.

Осы ретте ауданға өткен жылы жұмысқа келген 9 дәрігерге 80 млн. теңге көлемінде қайтарымсыз көтерме жәрдемақы төленгенін, сонымен қатар 7 дәрігерге Үшарал қаласы мен Қабанбай ауылында тұрғын үй берілгенін де атап өтуге болады.

Облыс әкімі өз сөзінде спорт пен мәдениет салаларындағы қолдау шараларына да тоқталып өтті. Мәселен, 2024 жылы Достық ауылында 180 орынды дене шынықтыру сауықтыру кешені салынса, биыл Лепсі ауылында осындай кешен, 244 орынды жатақхананың құрылысы аяқталған, алдағы қыркүйек айында қолданысқа беріледі. Сол сияқты «Ауыл – Ел бесігі» бағдарламасы аясында Екпінді, Көлбай ауылдарында мәдениет үйлері салынып жатыр.

Жалпы, 2024-2025 жылдары ауданға инфрақұрылымдық, әлеуметтік нысандарды салуға, қайта жаңғыртуға және жобалау жұмыстарына бюджеттен 41,5 млрд. теңге бөлінген. Бұл облыстың аудандарға бөлген қаражатының ішінде ең ірі бюджеттердің бірі саналады және бұл қаражат халықтың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталып отыр.

Облыс әкімі тиісті лауазымды тұлғаларға бюджет қаражатының уақытылы, сапалы игерілуін қатаң бақылауда ұстауды тапсырды.

**Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.**

# Жетісу облысында аутизмі бар балаларға арналған орталықта 40 орындық жаңа корпус ашылды



**Талдықорғанда аутизм және басқа да менталды ауытқулары бар балаларға арналған күндізгі болу орталығы үш жылға жуық уақыттан бері жұмыс істеп келеді. Бүгін орталықтың қосымша 40 балаға арналған екінші корпусы ашылды, – деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.**

Орталыққа балалар ПМПК-ның жолдамасымен және жеке оңалту жоспары бойынша қабылданады. Балалармен күніне төрт-төрт жарым сағат көлемінде сабақ өткізіледі. Мұнда дефектолог, логопед, тәрбиеші және мінез-құлықты түзетуге көмектесетін ABA терапиясы мамандары жұмыс істейді.

Облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы басшысының орынбасары Сәния Наурызбаеваның айтуынша, қосымша бөлімше арнайы көмекке деген сұраныстың артуына байланысты ашылып отыр. Бүгінде өңірде «аутизм спектрінің бұзылысы» (АСБ) диагнозы қойылған 460-тан астам бала мен жасөспірім тіркелген.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың IV отырысында осындай диагнозы бар балаларға ерекше көңіл бөліп, оларға арнап оңалту орталықтарын ашу қажеттігін айтқан болатын. Біздің өңірде бүгінде балаларға арналған жеті оңалту орталығы жұмыс істейді. Талдықорғандағы осы орталық үш жыл бұрын ашылған. Облыс әкімдігінің қолдауының арқасында бүгін біз екінші корпусын пайдалануға беріп отырмыз. Аутизмі бар балаларға арналған орталықтың бұл филиалы ғимараттың жалпы ауданы – 580 шаршы метр. Біздің мақсатымыз – аутизмі бар балалардың өз әлеуетін ашуына көмектесу, оларды қоғамға бейімдеу, – дейді С. Наурызбаева.

Атап өтсек, бұл ғимаратта да негізгі корпустағы сияқты медбике, дәрігер, дефектолог, логопед сияқты қажетті педагогикалық және медициналық мамандар жеткілікті. Және барлық қажетті жабдықтармен толық қамтамасыз етілген.

Осы орайда орталыққа келіп жүрген балалардың ата-аналары да пікір білдірді. Сегіз жасар Аңсар Берікжанның анасы Назгүл Серікова:

– Біз бұл жерде біраз уақыт оңалту шараларын қабылдадық. Соның арқасында ұлым мектепке барды. Биыл екінші сыныпқа көштік. Бұрын Аңсар атын атағанда мүлде қарамайтын. Қазір нақты ілгерілеу бар. Балаларға көрсеткен қамқорлықтары үшін орталықтың барлық қызметкерлеріне үлкен рақметімді айтамын! – дейді.

Қазіргі уақытта Талдықорғанға жақын орналасқан аудандарда тұратын осындай диагнозы бар балалардың тізімі жасалып жатыр. Жақын арада бұл балалар жаңа корпусқа қабылданатын болады.

**Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.**

# 4 ТОННА ҚОҚЫС ШЫҒАРЫЛДЫ

Балқаш көлі – Жетісу өңірінің маңызды туристік нысандарының бірі. Сондықтан да көл жағалауы тазалық талаптарына сай болуы тиіс. Суға шомылу маусымы басталғалы республикалық «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында көл жағалауында санитарлық тазалық шаралары тұрақты атқарылуда. Таяуда көлге апаратын жол бойындағы Лепсі ауылында жол қауіпсіздігі үшін жылдамдық өлшегіш құрылғылар мен бейнекамералар орнатылып, көл жағалауы күлқоқыстан тазартылып, 4 тоннаға дейін қоқыс шығарылды.

Таза Қазақстан
Жалпыұлттық экологиялық акция

– Біз жыл сайын Балқаш көлінің жағасын тазалаймыз. Оған экобелсенділер және ауыл жастары қатысады. Жағалаудың тазалығы үшін аудандық әкімдік 2 арнайы техникамен қамтамасыз етті. Ауыл тұрғындарынан 10 адам тазалық жұмыстарын жүргізеді. Жағалаудан жұмыс күндері 2 тоннаға дейін, ал демалыс күндері 4 тоннаға дейін қоқыс шығарылады, – дейді округ әкімі Ақтөре Қияс.

Балқаш көліне дейінгі жол жаңартылып, құрылыс жұмыстары аяқталысымен көлге келушілер саны айтарлықтай артты. Сол себепті жолдағы қауіпсіздік шараларын күшейту қатаң қолға алынған. Аудандық полиция бөлімінің учаскелік инспекторы Рүстем Ботбаевтың айтуынша, жазғы шомылу маусымы кезінде автокөлік жолындағы қауіпсіздік, жол апатының алдын алу және қоғамдық тәртіпті сақтау шаралары күшейтілген.

– Лепсі ауылына 4 дана «Мерген» жылдамдық өлшегіш құрылғысы мен 4 бейнебақылау камерасы орнатылды. Бұл жүргізушілердің жылдамдықты асырмауының алдын алады. Жолдағы тәртіпті бақылау – біздің басты міндетіміз. Демалушылардың аман-есен келіп-кетуін бақылап, жол-көлік оқиғаларының орын алмауы үшін асқан жауапкершілікпен қызмет көрсетеміз. Ең бастысы, жол апаты орын алмай, адам шығыны тіркелмесе болғаны, – дейді аудандық полиция бөлімінің учаскелік инспекторы.



Балқаш көліне демалуға келген демалушылар көл жағалауының инфрақұрылымын дамыту және санитарлық тазалығын жақсарту бағытында атқарылған шараларға дән риза. Бүгінгі күнге дейін көлде 52 мың адам демалса, жағалау қажетті инфрақұрылыммен қамтылып, даму жоспары іске асырылғаннан кейін мұнда маусымына 450 мыңнан астам адам демалады деген болжам бар.

**Е.БАУЫРЖАНҚЫЗЫ.**

# Семейство Парусники (Papilionidae)

Семейство Парусники (Papilionidae) — одно из самых красивых и легко узнаваемых семейств дневных бабочек, относящееся к отряду чешуекрылых (Lepidoptera). Эти бабочки славятся крупными размерами, яркой окраской и характерными «хвостиками» на задних крыльях, за что их часто называют «ласточками» или «ласточкин хвост» (англ. swallowtails). Число видов: около 550, распространены на всех континентах, кроме Антарктиды. Среда обитания: от тропических лесов до умеренных широт.

Парусники — одни из крупнейших представителей бабочек: размах их крыльев может достигать 12–15 см. Большинство видов обладают активным дневным образом жизни и высокой скоростью полёта.

Внешний вид и особенности

• Яркая окраска: часто сочетаются черный, синий, желтый, оранжевый и красный цвета.

• Характерные «хвостики» на задних крыльях (не у всех видов).

• Мимикрия: многие виды подражают несъедобным или ядовитым бабочкам.

• Половая диморфизм: самцы и самки могут отличаться по цвету и форме.

Гусеницы:

• У некоторых видов ярко окрашены, напоминают змей или птичий помет — защитная мимикрия.

• Имеют специфический защитный орган — осметрий: это вилкаобразный орган за головой, выделяющий неприятный запах при угрозе.

Куколки:

• Часто прикрепляются к растению при помощи шелковой нити.

• Некоторые имеют форму, имитирующую веточку или лист.

Экологическое значение и охрана

Парусники играют важную роль в природе как опылители. Некоторые виды находятся под угрозой исчезновения из-за:

• вырубки лесов,

• изменения климата,

• незаконного коллекционирования.

Многие виды занесены в Красную книгу и охраняются международным законодательством.

Интересные факты

• Бабочка Ornithoptera alexandrae может достигать размаха крыльев до 28 см.

• Личинки некоторых видов питаются растениями из семейства зонтичных и цитрусовых.

• В Японии бабочка Papilio xuthus считается символом красоты и трансформации.

Как и все бабочки, парусники проходят полный цикл превращения: яйцо — гусеница — куколка — имаго. Самки откладывают яйца по одному на кормовые растения, чаще всего из семейств зонтичные (Apiaceae), рутовые (Rutaceae) и лавровые (Lauraceae). Продолжительность развития зависит от климата и видовой специфики, у некоторых видов возможно несколько поколений за сезон. На территории национального парка из парусников встречаются следующие виды: Papilio machaon Linnaeus - махаон, 1758; Iphiclides podalirius Linnaeus - подалирий, 1758; Parnassius apollo Linnaeus, 1758 - аполлон; Parnassius apollonius Eversmann, 1847 – парнасец пятнистый; Parnassius delphius Eversmann, 1843 – высокогорный парнасец дельфиус; Parnassius mnemosyne Linnaeus, 1758 - мнемозина; Parnassius tianschanicus Oberthur, 1879 minor Staunger 1881 – аполлон тяньшанский. Семейство парусников — удивительная группа бабочек, сочетающая красоту, экологическую значимость и богатое видовое разнообразие. Их изучение важно не только для науки, но и для сохранения биоразнообразия на планете.

**А.КАНАПЬЯНОВА, старший научный сотрудник отдела науки Жонгар Алатауского ГНПП.**

►*Заң және тәртіп*

# Бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы

Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының 20.01.2025ж. №61-НҚ нормативтік қаулысымен, бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы мәселе қарастырылды.

Конституциялық соттың бұл қаулысымен, қолданыстағы заңнама талаптары, Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес келеді деп танылған.

Яғни, Қазақстан Республикасыны қолданыстағы заңнама талаптарына сай, бейбіт жиналысты ұйымдастырушының белгіленген мерзімде бейбіт жиналысты өткізу орнын және (немесе) уақытын өзгерту туралы ұсыныспен келісетіні туралы жауабы алынбаса немесе ол келіспейтінін білдірсе, жергілікті атқарушы орган осы негіз бойынша бейбіт жиналысты өткізуден бас тартады.

Жергілікті атқарушы органның мұндай ұсыныс бойынша бас тарту туралы шешім қабылдар алдында, бейбіт жиналысты ұйымдастырушыға түсіндіру міндетті болып табылады.

**Сарқан ауданының прокуратурасы.**

# Нарушения антимонопольного законодательства выявлены в работе АО «Корпорация «Жетысугаз»

Департаментом Агентства по защите и развитию конкуренции Республики Казахстан по области Жетісу рассмотрено обращение касательно деятельности АО «Корпорации Жетысугаз».

По результатам рассмотрения обращения в деятельности корпорации выявлены признаки нарушения законодательства в области защиты конкуренции. В частности, установлено, что корпорацией применялись разные цены при реализации сжиженного нефтяного газа в баллонах, в зависимости от групп потребителей.

На основании выявленных нарушений Департаментом направлено соответствующее уведомление в АО «Корпорация Жетысугаз». В настоящее время уведомление исполнено в полном объеме, и сжиженный нефтяной газ в баллонах реализуется по одинаковой цене для всех потребителей.

# Дипломмен мемлекеттік қызметке орналасу

Білікті жастарды мемлекеттік қызметке ынталандырып, жас мамандардың аудан мен ауылдық аймақтарға оралуына, сонымен қатар өңірлердегі кадр тапшылығын азайтуға септігін тигізіп, жастардың мемлекеттік қызметке тұру тетігін жеңілдету үшін «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңына (бұдан әрі - Заң) бірқатар өзгеріс пен толықтыру енгізілді.

Заң аясында оқу нәтижесі «жақсы», яғни GPA көрсеткіші 3,33-тен жоғары үлгерімімен грант бойынша білім алған жоғары оқу орындарының түлектерін бір жыл ішінде уәкілетті органмен немесе оның аумақтық бөлімшесімен келісе отыра аудандық және ауылдық деңгейдегі орындаушылық лауазымдарға тікелей, конкурс өткізбестен, қабылдауға болатындығын хабарлаймыз.

# Поступление на государственную службу с дипломом

В Закон «О государственной службе Республики Казахстан» (далее - закон) внесен ряд изменений и дополнений, стимулирующих квалифицированную молодежь на государственную службу, способствующих возвращению молодых специалистов в районные и сельские регионы, а также снижению дефицита кадров в регионах, облегчающих механизм поступления молодежи на государственную службу.

Сообщаем, что в рамках закона выпускники высших учебных заведений, получившие образование по гранту с результатом обучения «хорошо», то есть с успеваемостью выше 3,33 GPA, в течение года могут быть зачислены непосредственно на исполнительские должности районного и сельского уровней по согласованию с уполномоченным органом или его территориальным подразделением, без проведения конкурса.

**Г.МЫРЗАБАЕВА, руководитель отдела единой службы управления персоналом (кадровая служба) аппарата акима Сарканского района.**



# МӘМС туралы заңға қандай өзгерістер енгізілді?

**14 шілде Мемлекет басшысы МӘМС туралы Заңға енгізілген өзгерістерге қол қойды. Жетісу облысы бойынша Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының филиалы мен Денсаулық сақтау басқармасы әрбір азаматтың медициналық қызметтерге қолжетімділігін арттыруға және медициналық көмекті қаржыландырудың ұзақ мерзімді тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған заңдағы жаңа өзгерістер туралы түсініктеме берді.**

**2026 жылдан бастап медициналық көмектің бірыңғай пакетіне кезең-кезеңімен көшу басталады. Бұл ТМККК мен МӘМС-ті нақты ажыратуды, аурулардың ерте профилактикасының қолжетімділігін, сондай-ақ әлеуметтік мәні бар ауруларға күдік туындаған жағдайда тегін зерттеп қарауды қамтамасыз ететін болады.**

«Бірыңғай пакет әлеуметтік мәні бар ауруларды ерте диагностикалау бойынша кепілдіктерді кеңейтеді. Мысалы, онкоскринингтер сақтандыру мәртебесіне қарамастан барлық қазақстандықтарға қолжетімді болады. Бұл өз кезегінде тегін медициналық көмектің кепілдік көлеміне кіретін онкоскринингтерді жалпыға бірдей қолжетімді етіп, обырды ерте сатысында уақтылы тиімді диагностикалауға және емдеуге мүмкіндік береді», - дейді Жетісу облысы бойынша Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры филиалының директоры Иван Самойленко.

Оған қоса, МӘМС жүйесінің қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап МӘМС жүйесіне жарналар мен аударымдарды есептеу үшін базаның жоғарғы шегін арттыру ұсынылады.

Қазір орташа жалақысы 300 мың теңге болатын қызметкерлер МӘМС жарнасын 6 мың теңге немесе табыстың 2% деңгейінде төлейді. Ал орташа жалақыдан 5 есе жоғары 1,5 млн теңге табыс алған кезінде 10 ЕТЖ (850 мың теңге) жоғарғы шегі іске қосылады, сондықтан жарна 17 мың теңгеден немесе табыстың 1,1%-ынан аспайды. Орташа жалақыдан 10 есе жоғары 3 млн теңгедегі табыстан МӘМС жарнасы 17 мың теңгеге немесе табыстың 0,6%-на тең болып қалады.

Енді жұмыс берушілер үшін жарналарды 40 ЕТЖ-дан аспайтын сомадан, ол 3,4 млн. теңге және ең жоғары аударымдар айына 102 мың теңгені құраса, ал қызметкерлер - 20 ЕТЖ-ға дейінгі сомадан, яғни 1,7 млн теңге және ең жоғары аударымдар айына 34 мың теңге аударатын болады.

Одан бөлек, 2027 жылдан бастап мемлекет жарналарын 2037 жылға қарай 2%-дан 4,7%-ға дейін кезең-кезеңімен арттыру көзделген. Бүгінгі таңда Жетісу облысында 539 мың адам (82,2%) сақтандырылған, оның ішінде 392 мың адам (72,7%) халықтың жеңілдетілген санаттарына жатады. Олар үшін ай сайын ағымдағы қаржы жылының алдындағы екі жылдағы орташа айлық жалақының 2%-н құрайтын 7 285,9 теңге МӘМС жарналарын мемлекет төлейді. Бұл мемлекеттің әлеуметтік жауапкершілігінің жоғары деңгейін көрсетеді.

Мемлекеттік қолдаудың жаңа шаралары туралы Жетісу облысының денсаулық сақтау басқармасының басшысы Асқар Садықов айтып берді.

Қабылданған заң шеңберінде 2026 жылы МӘМС жүйесі жергілікті бюджеттер қаражаты есебінен дағдарысты және шұғыл әл-ауқат деңгейі (Д және Е санаттары) бар 1 миллионға жуық адамды қосымша қамтитын болады. Бұл табысы төмен ҚР азаматтарының тағы 5%-ы МӘМС есебінен жоспарлы медициналық көмекке қол жеткізе алатынын білдіреді.

«Қазіргі таңда Жетісу облысында МӘМС жүйесінде сақтандырылмаған 117 мыңнан астам адам бар, оның ішінде 82 мыңы жағдайы жақсы және қанағаттанарлық өмір сүру деңгейі бар азаматтар, ал 35 мыңнан астамы - әлеуметтік әл-ауқаттың дағдарыстық және шұғыл деңгейлеріне жататын азаматтар. Халықтың осы санаттары үшін жарналар осы азаматтардың медициналық көмекке жүгіну фактісі бойынша жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін болады»,-дейді Асқар Садықов.

Халықты МӘМС жүйесімен барынша қамту және сақтандырылған азаматтар үшін қолайлы жағдай жасау мақсатында заң жобасы жеңілдікті кезеңді ұзарту жөніндегі жаңа норманы көздейді.

Енді бес жылдың ішінде өз бетінше және үзіліссіз жарна төлейтін азаматтар уақытша төлемдер болмаған жағдайда да алты ай бойы сақтандырылған мәртебесін сақтай алады.

Бұрын бұл мерзім небәрі үш ай болатын. Бұл әділ және маңызды шешім жүйеге тұрақты қатысатын және уақытша қиындықтарға тап болғандарды қолдайды.

«МӘМС туралы Заңға енгізілген өзгерістерді түсіндіру бойынша бірыңғай коммуникациялық жоспар аясында Жетісу облысында Қор филиалының, үкіметтік емес ұйымдар, өңірлік медициналық қауымдастықтың өкілдерінен тұратын жұмыс тобы құрылды. Қазіргі таңда түсіндіру жұмыстары басталды, өзгерістерді талқылау бойынша дөңгелек үстелдер, еңбек ұжымдарымен, халықпен, медицина және бизнес қауымдастығымен кездесулер ұйымдастырылады», – деді Жетісу облысының денсаулық сақтау басқармасының басшысы Асқар Садықов.

# «Я ВСЕГДА БЫЛ СЫНОМ СВОЕГО НАРОДА...»




*Гений бессмертен во времени и в пространстве, потому что он несет всем людям, невзирая на их национальную принадлежность, вероисповедание и цвет кожи, Добро и Благоденствие во все времена и эпохи, и поэтому практическое применение его идей не знает национальных границ. Вот почему яркие, выдающиеся мыслители прошлого, которые в свое время внесли весомый вклад в культуру мировой цивилизации и голос которых призывно звучал против порабощения и унижения людей, не забываются. Память о них не меркнет. Наоборот, она бережно хранится и преумножается, потому что их творчество полезно и действенно всегда, оно помогает последующим поколениям людей в их жизнедеятельности. Более того, творчество таких мыслителей в жизни последующих поколений только и может получить более точную и более высокую оценку по той причине, что с высот новых социально-нравственных завоеваний становится более ясным их подлинное место в истории мировой культуры и цивилизации. Именно к такой когорте людей принадлежит великий сын казахского народа поэт-просветитель, философ и общественный деятель, родоначальник новой письменной казахской литературы Ибрагим Кунанбаев (Абай).*

**Евгений ГРИГОРЬЕВ,**
**доктор философских наук,**
**профессор**

Родился Абай 10 августа 1845 года в местечке Караул, ныне Абайский район, Абайской области в семье крупного феодала Кунанбая Ускенбаева. Учился в медресе в г. Семипалатинске и, одновременно, по собственной воле, здесь же посещал русскую школу. С данного времени, а затем всю жизнь, Абай упорно и систематически занимался самообразованием. Предметом его интеллектуальных интересов были гуманистические воззрения поэтов и ученых-мыслителей Востока, русской классической литературы. Усвоив также арабскую письменность, Абай никогда не расставался с книгой. Высоко оценивал он героический эпос «Манас», созданный в далеком прошлом гением киргизского народа.

Казахский народ обладал и обладает огромным и богатейшим духовным потенциалом. В одном из номеров «Тургайской газеты» в 1898 году отмечалось, что киргизы богато одарены способностями. Произведения народного творчества, в обилии дошедшие до нас в виде пословиц, песен, загадок, сказок, исторических рассказов, свидетельствуют с богатом прошлом этого народа, составляя, вместе с тем, залог его будущего развития.

Знакомство с произведениями устного народного творчества, в которых нашли отражение идеи борьбы против несправедливости, насилия и бесправия, имело важное значение не только в развитии творчества Абая, но и в его социально-политическом становлении. Усвоение лучших достижений казахской культуры, явилось источником формирования его прогрессивных взглядов, помогло ему стать создателем новой культуры казахского народа, воодушевлять его в борьбе за справедливость и процветание.

Огромное влияние на мировоззренческое формирование Абая оказало его знакомство с сосланными в Семипалатинск русскими народовольцами и революционными демократами. Все они были представителями прогрессивной русской интеллигенции, воспитанными на революционно-демократических идеях Н.Г. Чернышевского, В.Г. Белинского и Н.А. Добролюбова. Особенно близко он сошелся с молодыми ссыльными Евгением Петровичем Михаэлисом и его другом и родственником Александром Викторовичем Леонтьевым - публицистом, человеком разносторонних научных интересов. (Замечу, кстати, Евгений Петрович Михаэлис провел последние годы своей жизни в Усть-Каменогорске; на старом городском кладбище сохранилась его могила). Знакомство переросло в большую, искреннюю дружбу. Летом они подолгу жили в ауле Абая, зимой поддерживали регулярную переписку.

Глубокое проникновение в творческое наследие гениальных мыслителей Востока и революционно-демократические традиции российской литературы, помноженное на собственный гений Абая дали в его творчестве блистательные результаты.

Абай был не только поэтом и философом, но и талантливым композитором. Многие свои стихи им были положены на музыку. Он создал великолепные мелодии к своим переводам отрывков из «Евгения Онегина» А.С.Пушкина.

Творчество Абая 90-х годов пронизано «жгучим чувством современности», неразрывно связано с его общественно-просветительской деятельностью и представляет собой зрелый этап критического реализма. Роднило Абая с русскими революционными демократами и нечто большее: понимание роли публицистики в борьбе с социальными и нравственными пороками. Русские друзья Абая принимали активное участие в революционном движении России. Они явились в какой-то мере и непосредственными проводниками передовых идей своего времени и в Казахстане. С. Габдуллин в работе «Эстетические взгляды Абая» утверждает, что дружба Абая с Михаэлисом, рожденная в ходе борьбы против царя, колонизаторов и сторонников царского правительства, баев-тунеядцев, была проявлением и отражением дружбы народной, дружбы демократической.

В 1886 году по представлению Е. Михаэлиса членом Семипалатинского областного статистического комитета становится А. Кунанбаев. При комитете еще в 1883 году был открыт музей, состоящий первоначально из археологических и зоологических коллекций. Поэт активно сотрудничал с музеем. Как свидетельствуют архивные документы, целый ряд образцов прикладного искусства казахов был передан музею через Н. Долгополова Абаем Кунанбаевым, что документально засвидетельствовано в описях коллекций музея. Например, на серебренном поясе, сохранившемся в музее, имеется надпись: «Дар Ибрагима Кунанбаева. Чингизская волость, Семипалатинского уезда».

Абай постоянно пополнял музей ценными вещами, орудиями труда, музыкальными инструментами. В 1883 году 15 ноября Абай сдал в музей большой разукрашенный серебряный топор, на котором имелись надписи: «Хозяин оружия Барлыбай сын Оралбая» и «Сделан Корганбаем»… Но позже топор был украден.

В этот период Абай часто выступал на страницах газеты «Дала уалаяты» по вопросам культурного развития казахов, земледелия, просвещения, доказывал необходимость перехода от кочевого хозяйства к оседлому земледельческому труду.

Позже на базе Семипалатинского комитета стали издаваться «Памятные книжки». В одной из первых книжек анонимно была опубликована «Заметка о происхождении родов Средней Киргизской орды».

К 1899 году относится и статья «Несколько слов о происхождении казахов». Она по содержанию связана с первой статьей, является ее логическим продолжением. «Настоящая заметка с подстрочными к ней объяснениями, - говорится в предисловии, - составлена исключительно на основании слов очень известного в Семипалатинской области киргиза, не пожелавшего, чтобы его фамилия была напечатана. Киргиз этот (из рода Тобыкты, племени Аргын) выразил опасение, как бы сообщаемые им сведения не показались обидными для некоторых родов, любящих окружать свое происхождение разными фантастическими вымыслами». Нет сомнения, что и это тоже статья Абая. Написана она с интересными историческими и лингвистическими комментариями, занимает 8 печатных страниц «Памятной книжки». «Средняя киргизская орда, - писал Абай, - состоит из семи племен: Аргын, Найман, Керей, Уак, Таркты, Кыпчак, Конграт. Роды племен Аргын ведут свое начало от Акжола (он же Дайр хожа). Акжол (счастливый путь) был одним из известнейших вождей Средней Орды, в глубокой старости он был убит кыпчакским героем Кобланды».

В статье имеются интересные сведения из истории, этнографии, устного творчества казахского народа, лингвистики родного, а также монгольского, арабского и персидского языков. Автором названных материалов был Абай. Дело в том, что близким комитету и известным в области казахом в то время мог быть только Абай, ибо в составе комитета 1898, 1899, 1900 и 1901 годов не числилось ни одного другого казаха. Характерная деталь: в архивном деле имеется список лиц, которым разослан печатный отчет комитета за 1899 год: под номером 17 зафиксировано - Ибрагиму Кунанбаевичу Кунанбаеву.

Абай принял самое активное участие в подготовке «Памятной книжки» за 1900 год. И опять было отмечено: «Работа составлена на основании слов очень близкого и известного в Семипалатинской области киргиза, пожелавшего, чтобы его фамилия не была напечатана. Прекрасно умеющий говорить и читать по-русски и знакомый с литературой о киргизах, дал обещание поставлять в Комитет разные сведения по этнографии своего племени».

Жизнь и творческая деятельность Абая проходили в условиях тяжелых кризисных явлений в социально-политических и экономических сферах казахского общества, которые оно переживало во второй половине XIX века. Царизм предпринимал попытки реформирования национальных окраин России, якобы преследуя цель добиться их процветания. Такой оно пыталось представить и реформу, осуществленную в Казахстане в 1868-1869 годах. На самом деле проведенные некоторые экономические преобразования только усилили социальные противоречия в казахском обществе. Сформировалась многочисленная эксплуататорская верхушка из баев-полуфеодалов, биев, переводчиков. Двойной гнет над трудящимися со стороны местной знати и царских чиновников значительно усилился и был невыносим.

Абай, однако, сразу прозорливо понял их эфемерный характер. Он считал, что эта, так называемая, реформа ничего не дает. Она, как и прежняя действительность, ведет к эконо- мической, социально-политической и нравственной деградации казахского общества.

Косметические реформы царизма ничего не давали бедняцкому большинству казахского общества, все оставалось как прежде, а зачастую положение бедняков становилось еще более тягостным. Верхушке же барствующих приспособленцев по-прежнему жилось вольготно.

К заслугам, к летам - уважения нет.
Стяжатели вылезли гордо на свет.
За деньги все рады позорить и чтить,
Мгновенно в любой
перекрасившись цвет.

Вывод Абая позднее был подтвержден оценками сущности царских реформ учеными историками. К примеру, профессор С.А. Асфендияров утверждает, что реформой 1869 года царизм лишь закреплял собственное господство над вновь приобретенной колонией.

В Степи процветали угнетение и бесправие, темнота и болезни трудового народа, взяточничество и коррупция, предательство интересов народных масс со стороны феодалов и чиновников. Великой заслугой Абая является то, что в этих условиях он без колебаний встал на сторону бедняков, на путь открытой борьбы с казахской феодальной знатью, порвал с инте-ресами класса, к которому принадлежал сам. Абай понял всю губительность и бесперспективность существующих общественных отношений для будущности казахского общества. Он глубоко переживал его муки и решил словом, пером и делом бороться против одолевающих общество социальных, экономических и нравственных пороков.

Абай был исключительно честным и справедливым человеком. К его мудрым советам, бескорыстному и справедливому суду обращались спорившие племена и роды не только близ лежащих казахских земель, но даже из дальних уездов: Павлодарского, Каркаралинского, Зайсанского, Лепсинского, Усть-Каменогорского и др. Часто спорившие обращались за решением сложных проблем, в рассмотрении которых официальные власти были бессильны.

Особенно запутанные дела он рассматривал на многолюдных сборах, именуемых «чрезвычайными съездами». С большим блеском Абай защитил интересы казахской бедноты на съездах в урочище Кок-Тума (тяжба между казахскими волостями Семипалатинской и Семиреченской областей), съезде на ярмарке Кара Мола, съезде на джайляу Балкибек. На двух последних рассматривались тяжебные дела между волостями Семипалатинской области. Вопросы были весьма серьезными и запутанными о пользовании земельными угодьями, о возмещении убытков обманутым беднякам, о наказании родовых правителей-феодалов, измывающихся над своими сородичами.

**(Продолжение в следующем номере).**

*●Ауыл шаруашылығы санағы*

# Ел ертеңіне қосқан үлес

Құрметті Сарқан ауданының тұрғындары!

2025 жылдың 1 тамызынан бастап елімізде ауыл шаруашылығы санағы басталады. Бұл – Қазақстан ауыл шаруашылығының қазіргі жағдайын анықтап, болашағына бағыт-бағдар беретін маңызды науқан. Санақ арқылы еліміздің әр аймағындағы аграрлық әлеует бағаланып, мемлекет тарапынан көрсетілетін қолдаулар мен даму бағдарламалары нақтыланады.

Сарқан өңірі – ауыл шаруашылығына өте қолайлы, табиғаты шұрайлы, жері құнарлы қасиетті өлке. Бұл аймақта мал шаруашылығы, егін шаруашылығы, жылыжай өндірісі қатар дамып келеді. Мен де осы салада зейнет жасына дейін еңбек етіп, өңіріміздің дамуына өз үлесімді қостым. Сондықтан ауыл шаруашылығы санағының маңызын жақсы түсінемін.

Бүгінгі таңда әрбір шаруа қожалығы, егінші, мал өсіруші, аграрлық кәсіп иесі осы санаққа белсенді қатысуы – болашақта ауылға бағытталатын мемлекеттік қолдаудың кепілі екенін ұмытпаңыз. Сіздің берген шынайы мәліметіңіз ауданымыздың даму жоспары мен әлеуметтік-экономикалық өсіміне негіз болады.

Құрметті жерлестер! Ауданымыздың болашағына бейжай қарамайық. 1 тамыздан басталатын ауыл шаруашылығы санағына белсене қатысайық. Бұл – тек статистика емес, бұл – ауылдың тағдырына тікелей әсер ететін тарихи маңызды іс!

**Азамат СӘРСЕМБАЕВ,**
**Сарқан ауданының Құрметті азаматы.**

# Аграрлық саланың айнасы

Ауыл шаруашылығы – ел экономикасының маңызды салаларының бірі. Осы бағыттың қазіргі жай-күйін жан-жақты саралау мен болашақта дұрыс бағыт ұстану үшін жүйелі және нақты дерек қажет. Бұл ретте елімізде жүргізілетін ауылшаруашылық санағы – агросаланың даму қарқынын анықтайтын басты құралдардың бірі.

Ауылшаруашылық санағы – елдегі барлық ауылшаруашылық субъектілерінің жағдайын, өндіріс көлемін, еңбек ресурстарын, техника мен жер пайдалану құрылымын толыққанды есепке алуға бағытталған кешенді зерттеу. Санақ кезінде әрбір шаруа қожалығы мен үй шаруашылығының егіс көлемі, мал басы, техника саны, жұмыс күшінің құрамы мен басқа да маңызды мәліметтер жиналады.

Санақ нәтижелері аграрлық саясатты тиімді жоспарлау үшін қажет. Мемлекет тарапынан көрсетілетін субсидия, несие, қолдау бағдарламалары осы мәліметтерге сүйене отырып бөлінеді. Сондай-ақ ауылдық аумақтарды дамыту, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, ауыл инфрақұрылымын жетілдіру бағыттары да осы деректер негізінде айқындалады.

Елімізде соңғы Ұлттық ауыл шаруашылығы санағы 2021 жылы өтті. Санақ аясында 150 мыңнан астам ауыл шаруашылығы құрылымы қамтылып, цифрлық технологиялар мен геоақпараттық жүйелер кеңінен қолданылды. Бұл – ел тарихындағы ең ауқымды әрі заманауи санақ болды.

Санақ барысында жиналған деректер құпия сақталады және тек қана статистикалық мақсатта қолданылады. Жауап берген әрбір азаматтың ақпараты маңызды, сондықтан ауыл тұрғындарының белсенділігі мен ашықтығы – нақты әрі сапалы қорытынды жасаудың кепілі.

Ауылшаруашылық санағы – аграрлық саланың айнасы іспетті. Ол арқылы ел экономикасының негізі саналатын ауыл шаруашылығының даму деңгейі мен әлеуеті айқындалады. Бұл – тек статистика емес, бұл – ауылдың ертеңі үшін жасалған маңызды қадам.

**Ғ. РАХМЕТҚАЛИЕВ,**
**«Ғалым» ШҚ төрағасы, Сарқан ауданының Құрметті азаматы.**

# Нақты қадам, берік жоспар

Бүгінде ауыл шаруашылығы – ел экономикасының тірегі ғана емес, елді мекендердегі тұрақты тіршіліктің де негізі. Осы маңызды саланың даму бағытын дұрыс айқындау үшін нақты мәлімет пен толық есеп қажет. Бұл тұрғыда елімізде жүргізілетін ауылшаруашылық санағының маңызы ерекше.

Менің ойымша, бұл санақ – тек ресми шара емес, бұл – біздің ортақ болашағымыз үшін қажет маңызды статистикалық қадам. Санақ барысында жиналатын деректер – мемлекет пен ауыл арасындағы байланысты нығайтады, агроқұрылымдар мен шаруашылықтарға көрсетілетін нақты қолдау шараларын белгілеуге көмектеседі.

Мемлекет тарапынан көрсетілетін көмектің әділ әрі тиімді бөлінуі үшін де санақ нәтижелері шешуші рөл атқарады. Шын мәнінде, субсидия мен жеңілдетілген несиелер ауылдың нақты ахуалына қарай бөлінуі тиіс. Бұл – әділеттілік пен даму кепілі.

Кейбір азаматтар санаққа селқос қарап, мәлімет беруге асықпайды. Бұл – дұрыс емес. Себебі бүгінгі берген жауабымыз – ертеңгі ауыл болашағына жасалған нақты қадам. Санақ кезінде берілетін ақпараттар құпия сақталып, тек жалпылама статистика ретінде ғана қолданылады. Сондықтан әрбір агроқұрылым мен шаруа иесінің белсенділігі қажет.

Біздің ауыл – біздің жауапкершілігіміз. Ал ауылшаруашылық санағы – осы жауапкершілікті нақты деректе негіздей отырып жүзеге асырудың тиімді жолы. Барлық шаруашылық иелерін, фермерлерді, ауыл тұрғындарын бұл маңызды науқанға бейжай қарамай, белсенді атсалысуға шақырамын.

**М. ҚАУМЕНОВ,**
**Сарқан ауданының Құрметті азаматы.**

**Жуырда Сарқан ауданы Қарабөгет ауылдық кітапханасында биылғы жылдың «Жұмысшы мамандықтары жылы» болып жариялануына орай Сарқан ауданының Құрметті азаматы, шаруа қожалығының басшысы Балтабек Абылкасымовпен кездесу өтті. «Еңбегі еленген ер ардақты» атты тақырыптағы кездесуде еңбектің мәні мен маңызы туралы көкейкесті әңгіме қозғалды.**

# Еңбегі еленген ер ардақты




Балтабек ағамыз ауылымыздың мақтанышы, шаруаның ебін тауып, көзін тауып, оның даму жолында өлшеусіз жұмыс жасап келе жатқан іргелі отбасының берік тұтқасы. Бұл кісінің шаруа қожалығында онға тарта адамдар тұрақты жұмыспен қамтылып, қара жердің қайтарымын еселеп, ауыл шаруашылығы өнімін ұлғайтуға жүйелі түрде үлес қосып келеді.

Қай заманда да елдің дамуы мен болашағы адал еңбекпен, маңдай термен келген. Биылғы Жұмысшы мамандықтарының жылы – осы ардақты еңбекті бағалап, қарапайым жұмысшының қоғамдағы маңызын айшықтауға мол мүмкіндік беріп отыр. Биылғы жыл – әр шебердің, әр механиктің, әр өндіріс майталманының еңбегі еленіп, мерейі таситын жыл. Осы тақырыпты арқау ете отырып кездесу сағатында еңбек адамының өнегелі өткені туралы естеліктерге кезек берілді. Мектепте үздік оқып, жоғарғы оқу орнын тәмамдап, қалаған мамандығына қол жеткізген азаматтың алған асуы, жеткен жетістігі кездесу аясында жан-жақты баяндалып, жерлесімізге деген құрметіміз еселене түсті.

**Ж.НАСЫРОВА,**
**Қарабөгет ауылдық кітапханасының қызметкері.**

*●Спорт*

# Еңбек адамына құрмет

**Жуырда Сарқан ауданында өткен дүбірлі сайыстың кейіпкері Жанжігіт Базаралыұлы (1894-1992) арғы атасы Абылайханнан тараған төре ұрпағы. Ол 1894 жылы қазіргі Жетісу облысы Сарқан ауданында дүниеге келген. Өмірі бір ғасырға жалғасқан Жанжігіт атамыз үш соғысты бастан кешіп, қазақ халқының жаңа саяси дәуірде өмір сүруіне өз үлесін қосыпты.**

1916 жылы бірінші дүниежүзілік соғыста Ресей империясының құрамында болған қазақ елінің ер-азаматтары окоп қазуға алынып, өрімдей жастармен бірге Жанжігіт те майданға аттанады. Осы соғыстан аман-есен оралған Жанжігіттің маңдайына төңкеріске қатысу, XX ғасырдың алғашқы ондықтарындағы дүрбелеңге еріп, ұжымдастыру науқанына үлес қосу жазылыпты. Тарихта тайға таңба басқандай қара әріппен жазылып, ұрпақтың жадынан шықпайтын ашаршылық қазақ даласына бұрын-соңды болмаған қайғы-қасырет әкелгені белгілі. Ашаршылықпен арпалысқан көзі ашық азаматтар сапында Жанжігіт ауыл тұрғындарымен күндіз қолына кетпен-күрек ұстап егін баптаса, түнде қару алып сол егінді күзеткен, жыл соңында шыққан өнімді теңдей бөліп ауыл тұрғындарының зұлматқа қарсы тұруына игі ықпалын тигізіпті. Аша-тұяқ қалмасын деп қалың елді сорлатқан саясат өзгерген соң бұл кісі «Тасарық», «Комуна», «Красная Знамя», «Энергия» колхоздарының іргетасын қалауға, жерлестерін қара жердің қайтарымын алуға ынталандыруға, еңбекке баулуға үлес қосады.

1941 жылы 22 маусымда Кеңес Одағының шекарасына фашистік Германияның армиясы басып кірді. Қызыл Армия қатарына қазақ жерінен 1 млн. 200 мың адам соғысқаны, олардың 600 мыңнан астамы соғыс майданында немесе түрлі жарақаттардан қайтыс болғаны архив деректерінен белгілі. Жасы елуді еңсеріп қалғанына қарамастан Жанжігіт Сарқан аудандық әскери комиссариатынан 1943 жылдың қаңтар айында соғысқа аттанады. Майданның басты бағытында жаулармен батыл соғысқан оның жаужүректігі кейінгіге үлгі-өнеге. 1251-ші артиллериялық полктің 7-ші батареясының жауынгері Жанжігіт түнгі қарауылда тұрып неміс диверсанттарын байқап қалып, дабыл көтереді. Полк дереу шайқасқа әзірленіп, жауға тосқауыл қояды. Осы ерлігі, қағылездігі үшін ол «Жауынгерлік ерлігі» медалімен марапатталған. Солдаттың керзі етігімен дұшпанды өз ұясында талқандауға үлес қосқан майдангер соғыстан аман оралған соң еңбек майданына атсалысады. Алмалы ауылында аумағы 50 гектар құрайтын үлкен алмабақтың бой көтеруіне атамыздың маңдай тері сіңген. Сол бір кезеңде қазақтың салт-дәстүріне, діні мен тілінің дамуына жол берілмегеніне қарамастан өзінің қазақ екенін, мұсылман екенін өмірінің соңына дейін ісімен көрсетіп кеткен атамыз бес уақыт намазын қаза қылмапты, ем сұраған адамға дем салып, ақ батасын беруден тартынбапты.

Алмалы ауылының тумасы, соғыс ардагері Жанжігіт Базаралыұлын еске алуға арналып осы ауылда еркін күрестен 2012-2013, 2014-2015, 2016-2017 жылғы жасөспірім ұлдар мен қыздар арасында аудандық ашық турнир өтіп, еңбек адамына құрмет көрсетілгені өткенімізге деген көзқарастың түзелгені емес пе?. Елдімекендегі зәулім спорт кешенінде өткен сайыс ауыл тұрғындары мен жастар арасында үлкен қызығушылық тудырды. Ең алдымен мемлекеттік әнұран орындалып, аудандық ардагерлер ұйымының төрағасы Қадыл Жанасбеков сөз алып, ел ертеңі жасөспірімдердің жеңіс тұғырынан көрінуіне ақ батасын берсе, кино және театр актері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Болат Әбділманов Алмалы ауылының топырағынан талай спорттың саңлақтары түлеп-ұшқанын, осы өлкеде қызмет атқарып, елдің алғысына бөленген тұлғаның аруағына бас иіп, тағзым ету, оны кейінгі ұрпаққа жеткізу елдігіміздің нышаны екендігін сөзіне тиек етті. Ал Жанжігіт атаның немерелері Раиса, Үрімхандар өздеріне құрмет көрсетіп жатқан ауылдастарына, осынау жарысты ұйымдастырып отырған атаның немере, шөберелеріне алғыстарын айтып, аталарының аруағы спорттың болашақ сайыпқырандарын желеп-жебей жүрсін деп тілек білдірді. Жарыстың ауқымды болғаны сонша облыс аудандары ғана емес сонымен қатар Түркістан мен Шығыс Қазақстан облыстарынан 9 команда қатысып, боз кілемде өзара мықтыны анықтады.

Шараның басты мақсаты — жастарды спортқа баулу, салауатты өмір салтын дәріптеу және қарапайым еңбек адамдарының қоғамдағы рөлін ұлықтау болды. Жарыс өте тартысты әрі жоғары деңгейде ұйымдастырылып, жас палуандар өз шеберліктерін көрсетті.

Турнир ұйымдастырушыларының бірі Жасұлан Базаралиновтың айтуынша биыл Ұлы Жеңістің 80 жылдығына әрі аталарының туғанына 130 жылдығына орай ұрпақтары еске алып, еңбектерін бағалап болашақ ұрпаққа өнеге болсын деп осындай аудандық, облыстық деңгейдегі іс-шара ұйымдастырылуда. Ең басты мақсат өңірдегі бұқаралық спортты дамыту, жастарды еңбекке, отансүйгіштікке және салауатты өмір салтын ұстануға шақыру.

Шара соңында командалар арасынан үздік шыққан Сарқан ауданы бірінші орынға ие болса, екінші орынды сәйкесінше Кербұлақ ауданы, ал үштікті Көксу ауданы түйіндеді. Жеңімпаз командалар бағалы сыйлықтармен арнайы әзірленген белбеумен марапатталып, көрермендер тарапынан қошаметке бөленді.

**Жақсылық ЖОМАРТҰЛЫ.**

●Театр

# Ауылдан келген Ару



**Қазақ сахнасының саңлағы, Республикамызға еңбек сіңірген қайраткер жерлесіміз Саят Мерекеұлы ауданымыздың өнер керуенін алға жетелеп, Сарқан өнерпаздар театрының іргетасын қалап, жылдармен бірге шыңдалған, кәсіби тұрғыда кемелденген театр ұжымына халықтық мәртебесін алып беру жолында тер төгуде. Бұл өнер ұжымының әдеттегідей сәтті сахналанған қойылымдарының бірі - күні кеше ғана тірлік сапары шектелген ақын - драматург Исрайыл Сапарбайдың "Ауылдан келген ару" поэтикалық драмасы.**

Спектакльдің бастауында сахнадағы қараңғылыққа жоғарыдан қиғаштап жарық құйылады. Сахна алдында ақын өмір туралы ойын өлеңмен өрнектейді.

"Адам басы - Алланың добы" деген,
Өмір қымбат барымен, жоғыменен.
Араңызда пенделер аз ба, ағайын,
От көсейтін өзгенің қолыменен?

Айналса да құрдымға құла дүздер,
Жұрттың бәрі әлі де жұмақ іздер.
Шалғайланып арамыз күннен - күнге,
Қандай болып барамыз мына біздер?

Ашылмай тұр заманның қас - қабағы,
Ақыл айтар күн қайда жасқа кәрі.
"Отан" деген ұғымға самарқаулық,
Отбасынан осылай басталады.

Әке көңілін айтқызбай ұл таппай ма?
Әлде, өз - өзі жынданып,
жыртақтай ма?
Іні қамын ойлайтын аға қайда?
Ағаларды жағалар ұрпақ қайда?

Шаңырақты тапсырып шалағайға,
Жардың басын шал - шауқан
жағалай ма?
Қыз тағдырын ойлайтын ана қайда?
Ана халін ойлайтын бала қайда?

Балаусаны баптайтын бағбан қайда?
Шаңыраққа күн батса шам жанбай ма?
Ақырзаман басталып әлде, ағайын,
Дәм - тұзымыз таусылып
қалғандай ма?

Таңда оянып, үмітім түнде өледі...
Қашанғы адам үмітпен күн көреді?
Адым бассаң алдыңды кес - кестеген,
Бұл сұрақтың жауабын кім береді?

Дәрі - емін таппаған небір дана,
Дертім көне, қайтейін шерім жаңа.
Сан сауалдың жауабын сансыратқан,
Өмір ғана береді, Өмір ғана!

Ақын болып толғанып тұрған ұлы ақын Мұқағалидың есім - сойын алған Екіаша мәдениет үйінің қызметкері Мұқағали Мақатаевтың ойлы, салмақты кейіптегі монологы көрермендерді сахнаның арғы жағындағы оқиғаларға қызықтыра түседі. Ауылдан келген Гүлдананы (Гауһар Тұралиева) жеңіл жолға бейімдеген опасыз Қаражанның болмыс - бітіміне сахна тілін, иірімдерін меңгеріп үлгерген талантты жас Сұлтан Жақыпбеков сендіре білді. Сондай-ақ бұл қойылымда Ана рөлінде көрінген аудандық Мәдениет үйінің танымал әншісі, Сарқан ауданының Құрметті азаматы Гүлжан Қисабекова, Жәнібек рөліндегі Жарас Сембек, ауылдан келген аңғал қызды тура жолдан тайдыруға себепкер болған Сәндігүл бейнесіндегі Айзада Смағұл образға еніп, көрермендерін бірде ойландырып, бірде жылатып, иландырды. Спектакль несімен құнды? Ет пен терінің арасында болатын желікпен от басып, келешегін ойрандамастан бұрын ұл - қыздарымыз әр қадамын аңдап басса дейді бұл қойылым. Туған ұясынан алыс жүргенде жастарымыз ақылдан ажырамаса шаңырақ шайқалмас еді, тастанды балалар болмас еді... Әйгілі ақын қаламынан туған поэтикалық драма көрермендер көңіліне ұялап, өмірлік сұрақтың жауабын бірлесіп іздеуге шақырады.

**Жомарт ИГІМАН.**

---

Аудан әкімдігі, аудандық мәслихат аппараты және аудандық ардагерлер кеңесі Сарқан ауданының Құрметті азаматы Оралхан Дауытовқа қызы

**Анардың**

қайтыс болуына байланысты отбасының қайғысын бөлісіп, көңіл айтады.

---

Республикалық "Абай" журналының ұжымы Сарқан қаласының Құрметті азаматы Оралхан Оразбайұлы Дауытовқа, Жеңіс Әбілмансұрқызына қызы

**Анар Оралханқызының**

қайтыс болуына байланысты, туған-туыстарына, күйеу бала Серікханға, бала-шағасына қайғыларына ортақтасып көңіл айтады.

---

Аудан әкімдігі, аудандық мәслихат аппараты және аудандық Ардагерлер кеңесі Сарқан ауданының Құрметті азаматы, Лепсі өңірінде басшылық қызметтер атқарған еңбек ардагері

**СЕРДАЛИНОВ Кеңес Базыкенұлының**

қайтыс болуына байланысты марқұмның туған-туыстары мен жақындарына қайғыларына ортақтасып көңіл айтады.

---

## «Жылдам түсініп оқу мен есте сақтауды дамытудың қазақи жолы» факультатив сабағының маңызы

Мен, 7-сынып оқушысы ретінде, мектебімізде өткізіліп жатқан «Жылдам түсініп оқу мен есте сақтауды дамытудың қазақи жолы» атты факультатив сабағына қатысып жүргеніме өте қуаныштымын. Бұл сабақты біздің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің білікті мұғалімі, өз ісінің нағыз шебері — Арғынбаева Аида Ембергеновна жүргізеді.

Аида Ембергеновна сабақты өте қызықты, түсінікті және ерекше әдіспен өткізеді. Сабақ барысында біз тек қана мәтінді оқып қоймай, оны тез әрі дұрыс түсінуді, мазмұнын есте сақтауды, басты ойды бөліп алуды үйренеміз. Сонымен қатар, қазақ халқының салт-дәстүрлері мен мақал-мәтелдерін, нақыл сөздерін пайдалана отырып, білімімізді тереңдете түсеміз.

Сабақ барысында нейро жаттығулар жасаймыз. Бұл жаттығулар біздің миымыздың екі жартышарын қатар жұмыс істеуге дағдыландырады. Мысалы, екі қолмен бір уақытта түрлі фигуралар сызу, сөздерді керісінше оқу, немесе бір көзді жұмып, мәтінді оқу секілді қызықты тапсырмалар миды белсендіреді. Осындай жаттығулар зейінімізді шоғырландырып, есте сақтауымызды жақсартады.

Сонымен қатар, біз қызықты және мазмұнды мәтіндерді оқимыз. Бұл мәтіндер қазақ ертегілері, аңыздар, батырлар жыры, қазіргі заманғы танымдық әңгімелер сияқты түрлі тақырыптарды қамтиды. Әр мәтіннің соңында талдау жасап, сұрақтарға жауап береміз, көркем тілмен өз ойымызды жеткіземіз. Бұл жаттығулар біздің сөздік қорымызды арттырып, ойымызды жүйелі жеткізуге көмектеседі.

Жылдам оқу жаттығулары да біз үшін өте қызықты өтеді. Арнайы әдіспен жасалған кестелер, «шашыраңқы сөздер», көзбен жылжу техникасы арқылы біз мәтінді көзбен тез оқып, негізгі ойды бірден түсінуді үйрендік. Кейде секундомермен уақыт өлшеп, өз жылдамдығымызды бақылап отырамыз. Бұрын 1 бет мәтінді 5 минут оқысам, қазір 2-3 минутта оқып, түсініп шығуға дағдыланып келемін.

Сабақтың тағы бір ерекше тұсы – ол ұлттық құндылықтарды дәріптейтіні. Қазақи әдіс-тәсілдер арқылы біз бабаларымыздың данышпандығын түсінеміз, әрі тіл байлығымыз артып, өз тілімізге деген құрметіміз артады.

Мен осы курсқа қатысқалы бері кітап оқуға деген қызығушылығым артты, мәтінді бұрынғыдан тез әрі жақсы түсінетін болдым. Сабақтағы жетістіктерім де көбейіп, есте сақтау қабілетім жақсарды. Бұл – Аида Ембергеновна жүргізіп жатқан факультативтің жемісі деп білемін.

Осындай пайдалы, тәрбиелік мәні зор сабақты ұйымдастырған мектеп әкімшілігіне және бар білімі мен уақытын бізге арнап жүрген ұстазымызға үлкен алғыс білдіремін. Мен үшін бұл курс — тек оқу емес, өмірлік дағдыны қалыптастыратын маңызды сабақ!

**М. БЕЙБІТҚЫЗЫ,**
**Абай атындағы мектеп-гимназияның 7-сынып оқушысы.**

## Хабарландыру

«Сарқан ауданының құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ Жетісу облысы, Сарқан ауданы, Сарқан қаласында 16 га жеке тұрғын үй құрылысына инженерлік-коммуникациялық желілерді тарту бойынша жұмыс жобасына қатысты қоғамдық тыңдауларды ашық талқылау түрінде өткізетінін хабарлайды.

Ашық талқылаулар 2025 жылғы 12 тамыз мен 20 тамыз аралығында, ақпараттық жүйесі сайтында, НБД СОС и ПР, «Жарияланған ашық талқылаулар» бөлімінде өтеді.

Барлық ескертулер мен ұсыныстар осы күндері ҚР Экология және табиғи ресуртар министрлігінің порталында қабылданады.

Инициатор – «Сарқан ауданының құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ, БСН 111240018629, мекенжайы: Сарқан қаласы, М.Тынышбаев көшесі, 8. Тел.: +7 (72839) 2-18-76

**Жобалық құжаттаманы әзірлеуші – «Қазақ Сантехжоба» ЖШС, БСН 051140004166, мекенжайы: Алматы қаласы, Жандосов көшесі, 2, 206-кеңсе, тел.: +7 (727) 323-23-12 (ішкі 1611, 1631).**

**Жоба бойынша қосымша ақпаратты келесі телефон арқылы алуға болады: +7 (727) 323-23-12 (ішкі 1631) немесе электрондық пошта арқылы: oops@kazstp.kz**

## Объявление

ГУ «Отдел строительства, архитектуры и градостроительства Сарканского района», проводит общественные слушания посредством публичных обсуждений по рабочему проекту «Строительство инженерно-коммуникационных сетей под индивидуальное жилищное строительство 16 га в г. Саркан Сарканского района Жетысуской области».

Публичные обсуждения состоятся с 12.08. 2025 г. по 20 .08 .2025 г. на сайте информационной системы НБД СОС и ПР, в разделе «Опубликованные публичные обсуждения».

Все замечания и предложения принимаются в эти дни на портале Министерства экологии и природных ресурсов РК.

Инициатор – ГУ «Отдел строительства, архитектуры и градостроительства Сарканского района», БИН 111240018629, г.Саркан, ул.М.Тынышбаева,8. Тел: +7(72839)2-18-76

**Разработчик проектной документации ТОО «Казахский Сантехпроект», БИН 051140004166, г. Алматы, ул. Жандосова, 2 офис 206, тел: 8-727-323-23-12 (вн.1611,1631).**

**Дополнительную информацию по проекту можно получить телефону +7(727)323-23-12 (вн.1631) и электронному адресу: oops@kazstp.kz.**

## Хабарландыру

►**Рыспекова Гульнур Мырзабековнаның** атына тіркелген Сарқан қаласы, Буашева № 20/1 көшесінде орналасқан 0,0720 га көлемді жерінің (кадастрлық нөмірі 03-267-005-764) жеке меншікке құқық беретін мемлекеттік тіркеу актісі жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

►Жекеше нотариус Алиева Асем Избасаровна тарапынан **Абылкасымов Ержан Кабдолдановичтің** атына мұрагерлік іс ашылғаны туралы хабарлайды.

SARQAN

Меншік иесі: "Сарқан газеті" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Құрылтайшысы:
"Сарқан газеті" ЖШС директоры ИГІМАН Жомарт Мақатұлы

Бас редактор:
ЖЕҢІСХАН Партия

Газет Қазақстан Республикасы ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2019 жылғы 30 қазанда тіркеліп, №KZ46VPY00016564 куәлігі берілген.

Редакцияның мекен-жайы: 041500 Сарқан қаласы Тәуелсіздік көшесі, 117
Телефон: 2-20-47, 2-23-53
e-mail: igiman01@mail.ru

Таралымы: 3017
Осы шығарылымның таралымы: 3017
Газет индексі: 35202,15202
Офсеттік басылым 1 баспа табақ
Газет аптасына бір рет жұма күні қазақ және орыс тілдерінде шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мәтініне жарнама беруші жауапты.
Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

Газет «Ербол - Али» ЖШС баспаханасында (Тәуелсіздік, 108) басылады.